

11 Adaeva E.S. Kazakh adabietin zertteudin genderlik aspektleri [Gender Aspects of Studying Kazakh Literature] // Bulletin of the Eurasian Humanities Institute. – 2023. – №3. – P. 85–101. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.06> [in Kazakh]

12 Kemelaeva A. Tandamaly: angimeler, povester [Selected Works: Stories and Novels]. – Astana: Foliant, 2024. – 392 p. [in Kazakh]

13 Lanser S.S. Gender and Narrative. Handbook of Narratology: Vol. 1. – Berlin, 2014. – 505 p. [in Kazakh]

Received: 13.01.2026

FTAMP 17.82.20

DOI: [10.59102/kufil/2026/iss1pp283-297](https://doi.org/10.59102/kufil/2026/iss1pp283-297)

**Ә.Қ. Шапауов<sup>1</sup>, Ж.Т. Кадыров<sup>2</sup>, Б.Б. Жахина<sup>3</sup>, А.Ш. Тлеулесова<sup>4</sup>**

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақста

<sup>2</sup>М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл, 150000, Қазақстан

<sup>3</sup>Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, 020000, Қазақстан

<sup>4</sup>С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, 010000, Қазақстан

## ДРАМАДАҒЫ ДӘСТҮР МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Мақалада түркі халықтары драматургиясындағы дәстүр жалғастығы, жанрлық-эстетикалық дамуы әдеби үдеріс аясында қарастырылуға талпыныс жасалынады. Драматургия жанрын тудыратын негізгі элементтер сюжет, композиция, тақырып, поэтика, диалог пен монологтың көркемдік қызметі айқындалып, трагедиялық конфликтінің әлеуметтік-тарихи және философиялық мәні талданады. Трагедияның эпикалық, тарихи, адамгершілік-тұрмыстық түрлерге жіктелу себептері көрсетіліп, олардың ұлттық дүниетаныммен, фольклорлық дәстүрмен сабақтастығы негізделеді.*

*Драматургия жанрларының ішінде трагедияның көркемдік-эстетикалық табиғатына айрықша назар аударылып, трагедиялық тартыстың әлеуметтік-тарихи, философиялық сипаты ашылады. Трагедиядағы конфликт тұлға мен қоғам арасындағы бітіспес қайшылықтар жүйесі ретінде қарастырылып, трагедиялық қателік, адасу, тағдыр мен тарихи қажеттілік категориялары теориялық еңбектер негізінде сараланады. Сонымен қатар драма мен комедия жанрларының қалыптасу ерекшеліктері, олардың драмалық әрекет, мінез жасау, тілдік-стильдік жүйе тұрғысындағы өзіндік белгілері талданып, жанрлар арасындағы өзара ықпалдасу мен трансформация заңдылықтары көрсетіледі.*

*XX ғасырдың басындағы түркі халықтары және оның ішінде қазақ драматургиясының қалыптасу кезеңі, әлеуметтік қайшылықтар, ұлттық сана мәселелерінің сахналық шығармаларда көрініс табуы ғылыми тұрғыдан пайымдалады. Зерттеу нәтижелері қазақ драматургиясының түркі халықтарының ортақ драмалық өнерімен байланысын, ұлттық театр өнерінің қалыптасуындағы көркем үйірмелер мен халықтық сахналық дәстүрлердің рөлін анықтауға мүмкіндік береді.*

*Кілт сөздер: түркі халықтары драматургиясы, қазақ драматургиясы, трагедиялық тартыс, драмалық мінез, сахна өнері, ұлт театры.*

## НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Драматургия мен театр өнеріне, мәдениетаралық рухани дамуға байланысты Аристотельдің «Поэтика» [1], Н. Буалоның «Поэтикалық өнер» [2], Г. Лессингтің «Гамбургтік драматургия» [3] атты еңбектерінде классикалық драматургияның поэтикалық табиғаты

туралы сөз болды. Сонымен қатар Г.В. Гегельдің [4], В.Волькенштейн [5], М. Әуезов [6], М. Микулашек [7], Р. Нұрғали [8] ғылыми еңбектерінде драматургия, сахна мәдениеті мәселелеріне байланысты пікірлер молынан бар.

Түркі халықтарының драматургиясы, сахна өнері жайлы монографиялық зерттеулер қатарына М.Әуезовтің «Реалистік драма жолында» (1959), С.Ордалиевтің «Қазақ совет драматургиясының очеркі» (1963), Р.Нұрғалидің «Трагедия табиғаты» (1968), Ә.Тәжібаевтың «Қазақ драматургиясының тууы мен дамуы» (1971), А.Г. Ахмадуллиннің «Татарская драматургия» (1983), Б.Имамовтың «Хаят ва драматик конфликт» (1965), С.Камалидденовтың «Характер в современной узбекской драматургии» (1968), Н.Кулиевтің «Пути развития азербайджанской советской комедий» (1963), М.Сеидовтің «Развития азербайджанской советской драматургии в 1946 – 1970 г.г.» (1970), Р.Б.Нургалиннің «Башқұрт совет драматургиясының жанрлық проблемалары» (1987), Р.Рүстембекованың «Қазақ совет комедиясы» (1978), М. Зульфукарованың «Дагестанская советская драматургия» (1965), М.Гусейновтің «Национальная литература кумыков (поэзия, драматургия, критика)» (2009), Г.Султанованың «Дагестанская драматургия XX столетия» (2020), А.Мановтың «Потеклото на гагаузите и тьхните обичаи и нравы» (1938), А.Сарбашеваның «Балкарская драматургия: этнофольклорная традиция, эволюция, жанровая специфика» (2014), Б.Борлаковтың «Карачаево – балкарская довоенная драматургия» (1975), М.Дүйсеновтың «Қазақ драматургиясының жанр, стиль мәселелері» (1977), Е.Жақыповтың «Дастаннан драмаға» (1979), Н.Ғабдуллиннің «Ғ.Мүсірепов – драматург» (1982), Н.Ханзафаровтың «Татарская комедия» (1996), Ж.Әбіловтің «Қазақ комедиясы» (2000) Ә.Шапауовтың «Драмадағы дәстүр» (2004), А.Ақтанованың «Қазіргі қазақ балалар драматургиясы» (2009), Н.Майнагашеваның «XX ғасырдағы хақас драматургиясының жанрлық проблемалары» (2008), Г.Каримованың «Қазіргі қазақ драматургиясы: идея және көркем шындық» (2015), 2021 жылғы ұжымдық «Қазіргі қазақ драматургиясындағы инновациялық ізденістер (1991-2016 жж.)» атты арнайы зерттеулерді атап өтеміз.

Қазақ әдебиеті мен өнері туралы ғылыми салалардың қалыптасуы мен дамуына А.Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, С. Сейфуллин, М. Әуезов, С. Мұқанов, Е. Ысмайылов, Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев, М. Қаратаев сынды ғалымдар мен қаламгерлер зор үлес қосты. Олардың еңбектері осы бағыттағы зерттеулердің дамуына негіз болып, жаңа ғылыми арналардың қалыптасуына жол ашты.

Нәтижесінде біртұтас, жүйелі әрі жан-жақты әдеби-мәдени үдеріс қалыптасты. Бүгінде қазақ драматургиясы жалпы драма жанрына тән барлық негізгі белгілерге ие болып, уақыт талабына сай дамып келеді. Әдебиеттің ерекше бір саласы саналатын драматургия театр өнерімен тығыз байланысты: ол сахнада қойылу мақсатында жазылады. Танымдық және тәрбиелік мәні зор, идеялық-эстетикалық ықпалы күшті бұл жанр адам тағдырларының тоғысуын, мінездердің қақтығысын, сезімдердің тартысын бейнелей отырып, композицияға қойылатын қатаң талаптарды сақтайды. Сонымен бірге диалог пен монолог сияқты көркемдік құралдар арқылы өмір шындығын ашып көрсетіп, түрлі құбылыстарға баға береді.

Жанр тудыратын элементтер деп – сюжет түзілісі, композиция, тақырып, поэтика, бір сөзбен шығарма идеясын және мазмұнын ашатын көркемдік құралдарды айтады. Бұған драмалық эмоциялық әсер беретін формаларды да қосқан дұрыс. Трагедия – қайғыртады, комедия – күлдіртеді, драма – толқытады [8, 226].

Даму барысында бұл жанрлар өзара ықпал етіп, бірін-бірі толықтырып, байыта түседі. Жанрлық құбылыстар туралы сөз қозғағанда табиғи диалектикалық өзгерістер ескеріледі, өйткені жанр шекарасыз немесе жүйесіз бола алмайды. Егер осы талаптар сақталмаса, шығарма әлсіреп, сюжет желісі көмескіленеді. Соның салдарынан көркемдік сапасы төмендеп, эстетикалық құндылығы да бәсеңдейді.

## КІРІСПЕ

Қазақ және Солтүстік Кавказ аймағындағы түркі халықтары драматургиясы, сахна мәдениеті мен даму эволюциясы, этномәдени болмысы, поэтикалық-стильдік, жанрлық ерекшелігі мен тарихи-мәдени, рухани, әдеби үндестігі тұрғысынан жан-жақты зерттеуге талпыныс жасалған зерттеулердің жалғасы болып табылады.

Ноғай, құмық, балқар, қарайым, гагауыз, қарашайлардың пьесалар мәтіні осы күнге өз ана тіліндерінде және орыс тілде жетті. Олардың ішінде еврей графикасымен жазылған қолжазбалар да бар. Бұл әсіресе заты түркі болғанымен тарихи тағдырға байланысты орта ғасырлардан бергі уақыттан иудаизм дініндегі қарайым халқының мұрасына тән. Солтүстік Кавказ аймағындағы түркі халықтарының XX ғасырдың алғашқы ширегендегі шағын пьесаларын қазақ халқының осы кезеңдегі алғашқы драмалық шығармаларымен идея, тақырып, жанрлық жағынан және сахналануы тұрғысынан үндестігі шолу зерттеу мақсатында қарастырылмақшы.

Драматургия жанрларының ішінде шынайы өмірге ең жақын түрлерінің бірі – трагедия. Өйткені бұл жанрда тіршіліктегі сан қырлы қайшылықтар, аса күрделі тартыстар, құмарлықтар мен сезімдердің қақтығысы, ойлар мен идеялардың тайталасы ерекше пафоспен әрі реалистік тереңдікпен бейнеленеді. Классикалық әдебиеттердегі трагедияларда жеке тұлғаның әлеуметтік-қоғамдық қайшылықтармен қарама-қарсы келуі, бітіспес күреске түсуі суреттеледі. Мұндай шығармаларда трагедия кейіпкерлері қатігез заман заңдылықтарымен шайқас барысында қаһарман жолында әртүрлі кедергілер мен еңсеруі қиын тосқауылдар кездеседі. Трагедиялық пафос ерік-жігері мықты тұлғаның алапат күресін көрсетеді. Кейіпкер жан дүниесінде аса қатты толқулар мен тебіреністерді бастан өткереді: ол ішкі әлеміне үңіліп, терең ойға батады. Қайғырып, ауыр азапты жол кешеді, түрлі қарсылықтар мен бөгеттерге қарамастан күресті жалғастыра береді.

Трагедияның басты ерекшелігі ең алдымен трагедиялық тартыстан байқалады. Трагедиялық конфликт кейіпкердің шеккен азабы мен оның қазасымен астасып жатады. Дегенмен бұл – сыртқы белгілерінің бірі ғана. Негізгі өзегі әлеуметтік-тарихи және қоғамдық-саяси сипаттағы ірі оқиғалар мен күштердің қақтығысынан туындайды. Осындай тартыста кең тыныс, қоғамдық мән және философиялық тереңдік байқалады.

Трагедияның тағы бір маңызды қыры – басты кейіпкер оқиғалардың ықпалымен үлкен қателікке ұрынып, терең адасуға душар болады. Бұл жағдай көбіне әлеуметтік ахуал мен қоғамдық қатынастардан туындайды. Соның салдарынан кейіпкердің өз еркінен тыс оның мұраттары күйреп, мақсатына жетпей опат болады. Мұндай жағдай кейде тағдыр немесе жазмыш секілді көрінетін ерекше ахуал ретінде көрініс табады.

Әрине, осындай трагедиялық қателік пен адасу қаһарманды ауыр күйзеліске ұшыратады. Ол тығырықтан шығу үшін бар күшін салып, бар мүмкіндігін іздейді. Өз мақсатына жету жолында талай әрекет жасайды, алайда өзінен әлдеқайда қуатты күштердің соққысынан ақырында мерт болады.

Осылайша трагедия – драматургиядағы аса күрделі жанрлардың бірі. Онда өмірдің объективті қайшылықтарды терең көркем образдар арқылы ашылып, қаһарлы тартыстар мен адасулар қақтығысы бейнеленеді. Үлкен күрес пен ауыр сынақтарды бастан өткеріп, ақиқатқа ұмтылғанымен, сол жолда қаза табатын күрделі тұлғаның мұңы мен қайғысы оқырман мен көрерменге күшті эмоциялық-эстетикалық әсер арқылы жеткізіледі. Трагедия болмыстың ауыр әрі күрделі қырларын кеңінен ашып көрсететін іргелі драмалық жан болып табылады.

Сонымен қатар қалыпты өмірдің талаптары мен тарихи кезең туғызған трагедиялық тұлғалық мақсат арасындағы күрес – әр дәуірде, әр қоғамда, әртүрлі әлеуметтік-ұлттық ортада түрлі формада көрінетін объективті құбылыс. Трагедиялық тартыстар мен адасулардың табиғатын, олардың эстетикалық-эмоциялық ықпалын, сюжеттік материал мен көркемдік-композициялық құралдар жүйесін, сондай-ақ тақырыптық-идеялық бағыттарын ескере

отырып, қазақ трагедиясын бірнеше түрге бөлуге болады: эпикалық трагедия, тарихи трагедия және адамгершілік-тұрмыстық трагедия [8, 228].

## МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі ретінде тарихи-салыстырмалы, салғастырмалы және жалпы зерттеу әдістері, тілдік бірліктердің этномәдени мазмұнын дәстүрлі сипаттау, жүйелеу, топтастыру, логикалық талдау әдістері қолданылды. Сондай-ақ, түркі халықтарының драматургиясын, қойылымдарының сахналануын тарихи-мәдени, рухани, әдеби аспектіде қарастыру, салыстырмалы түрде зерттеу, қажетті материалдарды сипаттау, жүйелеу, топтау, өңдеу, ұғымдарды саралау, жалпылау тәсіл-амалдары да қолданылды.

Ғылыми тәжірибелерді сипаттау қолжазба пьесалардың жанрын, идеясын, мәдени құндылығын өзара салыстыру арқылы көрінеді, соның нәтижесінде түрік халықтарының драматургиясының ерекшеліктері салыстырылды. Мәліметтерді жинау әдісі қолжазбалар мен пьесалардың сөздік қорын, мазмұнын анықтау оларды этно-әдеби, этно-фольклорлық деректерімен салыстыруға негізделген. Бұл деректердің дұрыстығын тексеру үшін көне түркі түсіндірме сөздіктері, қазіргі драматургия, театр терминдерімен салыстыра қолданылды.

Драма жанрының бастау көзі, негізгі тірегі мен өзегі – халық ауыз әдебиетінің үлгілері, фольклорлық мұралар болып табылады. Әлемдік драматургия мектебінің тәжірибесіне сүйене отырып, қазақ қаламгерлері ұлттық дәстүрлерді сақтай отырып, оны жаңашыл бағытта дамыта алды.

Қазақ драматургиясының қалыптасуы мен дамуы, сондай-ақ ғылыми тұрғыда зерттелуі әлем халықтарының драматургиясымен салыстырғанда кейінірек жүзеге асты. Қазақ сөз өнерінде драматургия классикалық үлгіде неміс, ағылшын, грек және орыс драмаларымен салыстырғанда ХХ ғасырдың бас кезінде ғана қалыптаса бастады. Жалпы қазақ әдебиетінде бұл жанр басқа әдеби бағыттарға қарағанда кеш пайда болды.

Дегенмен қазақтың бай ауыз әдебиетінде халықтың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүріне байланысты туған шығармаларда драмалық сипаттың нышандары байқалады. Мәселен, жар-жар, беташар, бәдік жыры сияқты тұрмыс-салт өлеңдерінде, сондай-ақ айтыс өнерінде драмалық элементтердің алғашқы белгілері айқын көрініс табады. Мұхтар Әуезов: «Анығында ақындар айтысының негізінде, өзгеше жанрлық бітім мазмұнында қолдану дәстүрінде қазақтың халықтық театрлық өнерінің мол белгілері бар. Халық театрының дән ұрығы бар деуге болады» [6, 49], – деп айтқан болатын.

## НӘТИЖЕЛЕР

Қазақ даласының әр өңірінде ұйымдастырылған алғашқы сахналық қойылымдар ұлттық драматургияның қалыптасуына негіз қалады. Алғашқы шағын қазақ пьесалары шамамен 1910-1915 жылдары дүниеге келді. Сол кезеңдегі алғашқы драмалық шығармалар мен олардың авторларының қатарында Қ. Тоғысовтың «Надандық құрбаны», И. Мендіхановтың «Малдыбай», «Тамырлар», «Байғұстар», А. Лихановтың «Манап», Б. Серкебаевтың «Баксы», «Ғазиза», «Жер дауы» атты туындылары аталады. 1915 жылы Қ. Тоғысовтың «Надандық құрбаны» драмасы Уфа қаласында жеке кітап болып басылып шықты. Кейінгі кезеңде Ж. Аймауытов, С. Сейфуллин, М. Дулатов, Қ. Кемеңгеров, Б. Майлин, М. Әуезов, Ж. Шанин және тағы басқа қаламгерлердің пьесалары ұлттық драматургияның қалыптасып, дамуына үлкен үлес қосты.

Солтүстік Кавказдың полимәдени кеңістігінде ноғай, құмық, қарашай, балқар драматургиясы өз үнін тауып, ұлттық ерекшелігі айқындалып, лайықты орынға ие болды. Эпикалық және поэзиялық жанрлардағы жетістіктер К. Кулиев, К. Отаров, Т.Зумакулова, М.Мокаев, З.Толгуров, А. Теппеев және басқа да авторлардың есімімен тығыз байланысты болса, драматургия саласын эстетикалық тұрғыдан дамытуда Р.Геляев, И.Боташев,

И. Маммиев, О. Этезов, А. Тепшеев, М. Ольмезов сынды шығармашыл тұлғалардың рөлі жоғары.

Ұлттық драматургия идеялық-тақырыптық және жанрлық әртүрлілігімен ерекшеленеді. Заманауи тұрмысты бейнелейтін комедиялар И.Боташевтің «Солтанның тағдыры», И.Маммиевтің «Үйлену тойынан кейін», А.Тепшеевтің «Ар», Ж.Токумаевтің «Көлеңкелер», «Жалған бедел» және адамның адамгершілік дамуының тарихи өзгерістер аясындағы кезеңдерін көрсететін пьесалар тарихи-құжаттық және әлеуметтік-тұрмыстық драмалар И.Боташевтің «Аруақтану кезінде», «Абрек», И.Маммиевтің «Жаралы бұғы», А.Тепшеевтің «Коммунист». Пьеса авторлары шынайылықты боямалаудан, қақтығыссыздықтан, схемаға салынудан арылуға, драманың мазмұндық тереңдігін арттыруға ұмтылды. Бұл шығармашылық ізденістер бұрынғы драматургияны тежеген үрдістерден арылуға бағытталды.

Әлемдік үлгідегі драматургияның қыр-сырын меңгеруге қазақ драматургиясында алғашқылардың бірі болып ден қойған қаламгер Жүсіпбек Аймауытов. Оның алғашқы пьесаларының қатарында 1916-1917 жылдары жазылған «Рәбиға», «Мансапқорлар», «Қанапия-Шәрбану» шығармалары бар. Ал «Ел қорғаны», «Шернияз», «Сылаң қыз» пьесалары 1920-1925 жылдар аралығында жазылды.

XX ғасырдың 20-шы жылдарындағы қазақ драматургиясында әйел бостандығы мен теңдігі маңызды тақырыптардың біріне айналды. Ж. Аймауытов, Қ. Кемеңгеров, М. Дулатов, С. Сейфуллин, М. Әуезов, Ж. Шанин, Б. Майлин шығармаларында халықтың тарихы мен тағдыры, еркіндік пен теңдік мәселелері қатар өріліп, негізгі идеялық арнаға айналды. Сол кезеңде жазылған пьесаларда елдің тұрмыс-тіршілігі кеңінен бейнеленіп, 1916 жылғы тарихи оқиғалар, би-болыстар мен қарапайым халық арасындағы қайшылықтар, әйел теңдігі, әлеуметтік әділетсіздік сияқты мәселелер көтеріліп, театр сахналарында қойылды. 1926 жылы Қошке Кемеңгеровтің «Алтын сақина» және «Ескі оқу» пьесалары қазақ драма театрының сахнасында көрсетілді. Бұл шығармалардың негізгі өзегі – әйел теңсіздігі мәселесі мен қазақ балаларының ауыл молдаларынан ескіше білім алып, сауат ашу жағдайының суреттелуі.

## ТАЛҚЫЛАУ

Өнер мен әдебиет – адамзаттың өмірді тану жолындағы маңызды рухани құралдардың бірі. Түркі халықтарының көпшілігі ұзақ уақыт көшпелі тұрмыс кешкендіктен, олардың фольклорлық мұрасы ерекше дамып, әлем мәдениетімен салыстырғанда өзіндік биік деңгейге көтерілген.

Түркі мәдениетін шартты түрде солтүстік және оңтүстік тармақтарға бөліп қарастыруға болады. Түркі өркениетінің оңтүстік қанатына эзербайжан, өзбек, ұйғыр, сондай-ақ, анадолы-балқан аймағының мәдениеті жатса, солтүстік қанатына башқұрт, қырым татарлары, татар, қазақ, қырғыз, қарақалпақ, ноғай, құмық, сібірдегі және Солтүстік Кавказдағы туыстас түркі халықтары кіреді. Солтүстік тармақ түркі мәдениетінің бастапқы, табиғи қалпын көбірек сақтаған болса, оңтүстік аймақ бұл мәдениетті өңдеп, көркемдік тұрғыдан жетілдіріп, нәзік сипатқа жеткізген. Солтүстіктің тілі көне әрі жуан үнді болып келсе, оңтүстіктің тілі салыстырмалы түрде жаңарып, әуезді әрі жұмсақ қалыпта дамыған. Музыкалық аспаптарда да осындай айырмашылық байқалады: солтүстік халықтарының аспаптары қоңыр үнді, табиғи сипатта болса, оңтүстікте дыбысы жіңішке, күрделі аспаптар кең тараған. Мәселен, қазақтың домбырасы екі шекті болса, Анадолы аймағындағы бағлама жеті ішекті болып келеді. Оңтүстікте араб-парсы және қалалық мәдениет ықпалы көбірек байқалса, солтүстікте көшпелі дүниетаным басым сақталғанымен, түптеп келгенде, бұл мәдениеттердің барлығы түркі өркениетінің ортақ болмысын танытады.

Салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпқа негізделген шығармалар әдебиет пен театр өнерінде кеңінен қолданылады. Әсіресе, XX-шы ғасырдан бастап драматургия жанры жүйелі түрде қалыптаса бастады. Драмалық туындыларда халықтың салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық мәселелері сахна арқылы көркем түрде бейнеленді. Этникалық мәдениет аясында

сахналық сипатқа ие, бірақ ғұрыптық емес ойын-сауық көріністері де орын алған. Бұған суырыпсалма ақындар мен жыраулар өнерін жатқызуға болады. Бұл өнер синкреттік сипатқа ие болып, поэзия, проза, драма, вокалдық өнер, аспаптық музыка және би сияқты бірнеше өнер түрін бір арнаға тоғыстырды.

Қазақ даласында «Қызыл керуен», «Ес аймақ» сияқты театрландырылған труппалардың жұмыс жасағаны белгілі. Олар ел аралап, спектакльдер, концерттер және түрлі ойын-сауық бағдарламаларын көрсетіп, халыққа мәдени қызмет атқарған. 1915 жылы қазақ жерінде толыққанды драмалық мәтіні бар алғашқы қойылымдардың бірі сахналанды. Семейдегі мұғалімдер семинариясында қойылған «Біржан-Сара» спектаклі қазақ сахна өнерінің дамуына жол ашқан туындылардың бірі болды. Ал кәсіби қазақ театрының ресми ашылуы Кеңес өкіметі кезеңінде жүзеге асып, 1926 жылы 13 қаңтарда сол кездегі астана Қызылорда қаласында Қошкелі Кеменгеровтің «Алтын сақина» трагедиясымен басталды.

Әзірбайжан мен татар халықтарының драма жанрының қалыптасуы мен дамуы ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастау алады десек, ал басқа бауырлас түркі тектес халықтардың драма жанрының тууы, қалыптасу кезеңдері, даму барысы шамалас бір уақыт, яғни ХХ ғасырдың басы, алғашқы ширегі.

Кавказдың солтүстік аймағындағы түркі тектес халықтардың арасынан ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде, яғни 1916 жылы құмық ұлтының оқыған зиялы қауымымен сол елдегі «Таңғы шолпан» атты үйірме ағартушыларының ұйымдастыруымен бірнеше шағын қойылымдар сахналанды. Алғашқы ұйымдастыруға жетекшілік жасаған, кейінгі уақытта белгілі әдебиетші және өнер жанашыры әкелі-балалы Батырмырзаевтар болды. ХХ ғасырдың шамамен 17-18-ші жылдары аумалы-төкпелі заман ауысып, қайта жаңғырған кезеңде сол «Таңғы шолпан» үйірме мүшелерінің кейбір өнерпаздары құмықтың мемлекеттік театр труппасының басты мүшесін құрады. Сонымен қатар, осы уақытта құмықтың ұлт жанашыры қайраткерлерінің ұйымдастыруымен, қолдауымен «Таңғы шолпан» атты журнал да баспадан шығып тұрған [8, 472].

Қазақ халқымен туыстас Солтүстік Кавказ өңіріндегі түркі тектес ноғай, қарашай, балқар, гагауыз, құмық сияқты халықтардың да мәдениетінде драмалық сипаттағы элементтер ерте кезеңдерден байқалады. Олардың тарихы, салт-дәстүрі мен фольклорында кездесетін шағын сахналық көріністер мен ойын-сауық үлгілері драмалық өнердің алғашқы белгілерін танытады. Бұл жөнінде профессор Ә. Шапауов өз зерттеуінде: «Қазақ халқымен туыстас Солтүстік Кавказ өңіріндегі түркі тектес ұлттар ноғай, қарашай, балқар, гагауыз, құмық сияқты байырғы халықтардың тарихы мен салт дәстүрі, фольклордағы драма жанрының элементтері, ойын-сауық кештердегі шағын сахналық қойылымдары да ерте ғасырлардан бастау алатыны ақиқат. Олардың әдебиеті мен мәдениеті – түркі халықтарының тарихынан ерекше орыны бар» [10, 136], – деп атап көрсетеді.

Қазақ драматургиясының қалыптасып, өркендей бастаған кезеңі ХХ-шы ғасырдың алғашқы ширегіне сәйкес келеді. Бұл жанрдың тууы мен дамуы өзге халықтардың драмалық өнерінің қалыптасу жолынан өзгешелеу болды. Себебі қазақ халқы ертеден-ақ той-думан, мереке кезінде өз өнерін көрсетіп отырған. Драматургияның алғашқы белгілері халықтың әдет-ғұрпынан, ойын-сауық дәстүрінен, ән-күй мен жырларынан бастау алады. Суырыпсалма ақындардың өнері, айтыс, ертегілері мен аңыздар осының айқын дәлелі болып табылады. Сонымен қатар аруаққа тіл бітіру тәсілі – әрі классикалық, әрі қазақ ұлттық драматургиясында қолданылып келе жатқан көркемдік шарттардың бірі. Мұндай тәсіл әлем драматургиясында У. Шекспир мен Г. Ибсен шығармаларында кездессе, қазақ әдебиетінде М. Әуезовтің «Қаракөз», Ж. Шаниннің «Арқалық батыр», Қ. Кеменгеровтің «Алтын сақина», С.Жүнісовтің «Қос анар», Д. Исабековтің «Әпке» сияқты драмаларында көрініс табады.

Қазақ сахна өнерінің қалыптасуына әсер еткен маңызды факторлардың бірі – 1905 жылғы төңкерістен кейін Қазақстанға жер аударылып келген орыс прогресшіл-демократ зиялыларының ықпалы. Сонымен қатар осы кезеңде татар театр труппалары қазақ ауылдары мен қалаларында гастрольдік қойылымдар көрсете бастады. Осындай спектакльдерді көрген қазақтың білімді жастары ұлттық театр құру идеясына ерекше қызығушылық танытты.

Сахнаға арналған дайын пьесалардың жоқтығынан олар алғашқы қадамдарын қазақтың салт-дәстүрлері мен ұлттық ойындарын сахналаудан бастады. Осы уақытта көркемөнерпаздар үйірмелері ұйымдастырылып, жастар сол үйірмелер арқылы тәжірибе жинақтай бастады. Мұндай үйірмелер кейін қазақ әдебиетіндегі драматургия жанрының дамуына негіз болды. Бұған кәсіби театр ашылмай тұрған кезеңде Жүсіпбек Аймауытов, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Жұмат Шанин және басқа да қаламгерлер жазған драмалық шығармалар дәлел бола алады. Олардың драматургияға келуіне көркем үйірмелердің әсері айтарлықтай болды. Сондықтан көптеген ірі жазушылардың шығармашылық жолынан басында драматургия жанрының орын алуы кездейсоқ құбылыс емес.

Сәкен Сейфуллиннің «Бақыт жолында» пьесасы – бұрынғы қазақ әйелдерінің теңсіздікке толы өмірі мен революция жеңісінен кейінгі бостандыққа қол жеткізуі. Шығармада әйелдердің сүйген адамымен қосылуына мүмкіндік берілген жаңа қоғамдық жағдай бейнеленеді. Пьеса шағын көлемде жазылғанымен, оқиға желісі тартысқа толы. 1916 жылғы майданның қара жұмысына жігіт алу науқаны кезінде Терлікбай деген қарт өзінің кіші ұлы Телжанды аман алып қалу мақсатында жас қызы Мүслиманы жасы елуден асқан болыс Нөкербайға бермек болады. Бірақ орысша білім алған үлкен ұлы әкесінің бұл шешіміне қарсы шығып, қаладағы достарының көмегімен қарындасына еркіндік әперіп, оның сүйген жігіті Біржанмен қосылуына жағдай жасайды. Бұл пьеса тақырыптық жағынан Жүсіпбек Аймауытовтың «Қанапия мен Шәрбану» және «Рабиға» шығармаларымен үндеседі. Аталған туындыларда да әлеуметтік теңсіздік, таптық қайшылықтар және әйелдердің революциядан кейінгі бостандыққа қол жеткізуі көрініс табады. Мысалы, «Қанапия мен Шәрбану» пьесасында комиссардың «Жасасын бостандық! Жасасын әйел теңдігі! Жасасын бұқара өкіметі!» деген сөзін халықтың қуаттай қолдауы суреттеледі. Ал «Рабиға» пьесасында басты кейіпкер әйелдерді еркіндікке шақырып, теңдік идеясын насихаттайды. Осылайша, тұрмыстық деңгейде көрінетін шағын оқиға драмалық тартыс дәрежесіне көтеріліп, қоғамдық әрі саяси мәнге ие болады.

Драма жанрының басты талабы – адамды әрекет үстінде көрсету. Бұл ерекшелік драманың жанрлық табиғатынан туындайды. Драмалық шығармаларда оқиға кейіпкерлердің іс-әрекеті мен мінезі арқылы ашылады. Сондықтан жазушы кейіпкерлердің ойы мен сезімін жай баяндап қана қоймай, оны нақты әрекет арқылы көрсетуге ұмтылады. Нәтижесінде автордың көзқарасы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекеттері арқылы көрініс табады.

Алғашқы қазақ пьесаларының қалыптасуына ауыз әдебиетінің ықпалы зор болды. Бұл әсер жанрлық форманың дамуы барысында анық байқалады. Алғашқы драматургтер эпостық материалдарды негізге алып, Еуропа, орыс және татар әдебиеттеріндегі драмалық формаларды пайдаланып, жаңа жанр үлгілерін қалыптастырды. Мысалы, Жұмат Шаниннің «Арқалық батыр» және Ғабит Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» пьесалары эпостық сюжеттерге негізделген алғашқы драмалық тәжірибелердің бірі саналады. Бұл шығармаларда жырдағы баяндау тәсілі диалогқа айналып, эпостағы толғаулар мен бейнелі сөздер кей жағдайда өзгеріссіз алынған. Сонымен қатар эпостық материалды сахна талаптарына сай ықшамдау, кейіпкерлердің әрекетін драмалық формаға түсіру сияқты тәжірибелер де байқалады.

Фольклорлық мұраға сүйеніп жазылған Мұхтар Әуезов пен Ғабит Мүсірепов шығармалары да қазақ драматургиясында жаңа көркемдік бағыттың қалыптасқанын көрсетеді. Олар халық шығармаларын сол күйінде көшірмей, авторлық көзқарас тұрғысынан қайта өңдеп, жаңа идеялық мазмұнмен толықтырды. Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек», «Қара Қыпшақ Қобыланды», «Айман-Шолпан» пьесалары мен Ғабит Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек» шығармалары эпостық дәстүр мен әлемдік драматургия тәжірибесін ұштастырған ұлттық классика үлгілері.

Қазақ драматургтерінің реализм әдісін меңгеруі жаңа тақырыптарды игерумен тығыз байланысты болды. Әсіресе Қазан революциясынан кейінгі әлеуметтік өзгерістер, жаңа қоғамдық қатынастар драмалық шығармалардың негізгі тақырыбына айналды. Бұл үрдіс Сәкен Сейфуллиннің революционер бейнесін сомдаған «Қызыл сұңқарлар» драмасынан

басталып, кейінгі шығармаларда жалғасын тапты. Мұхтар Әуезов шығармаларында да жаңа қоғам, кеңестік өмір, тарихи тұлғалар мен халық тағдыры кеңінен бейнеленді.

Мұхтар Әуезовтің ескі ауыл өмірін бейнелейтін пьесалар циклының көбіне трагедия жанрында жазылуы өмір шындығына сай заңды құбылыс. Бұл шығармалар құрылымы мен формасы жағынан Еуропа және орыс әдебиетіндегі классикалық драмалық туындыларға жақын келеді. Қазақ халқының өміріндегі маңызды тарихи кезеңдердің барлығында да драматургтер өз үнін қосып отырғаны байқалады. Осы тұрғыдан алғанда Мұхтар Әуезовтің жаңа адам бейнесін, кеңестік өмір шындығын және социализм идеяларын арқау еткен пьесалары тақырыптық кеңдігімен ерекшеленеді. Оның шығармаларында революционерлер мен тарихи тұлғалардың бейнесі «Октябрь үшін», кеңестік интеллигенцияның қалыптасу үдерісі «Тартыс», «Алма баяғыда», «Дос – бедел дос», жаңа отбасының қалыптасуы «Тас түлек», Ұлы Отан соғысы жылдарындағы халықтың ерлігі «Сын сағатта», «Қынаптан қылыш», «Намыс гвардиясы», «Алыс нәсілдер», сондай-ақ партия қызметкерлері мен коммунистердің тұлғасы «Шекарада», «Алуа» секілді тақырыптар қамтылған. Бұл шығармалардың идеялық-эстетикалық өзегінде типтік ортада өрбитін шынайы тартыс арқылы типтік характерлерді жасау және кейіпкерлер психологиясын ашу мақсаты жатыр. Мұхтар Әуезовтің кеңестік өмірді суреттейтін пьесаларында қазақ драматургиясы үшін жаңа формалық ерекшеліктер байқалады. Атап айтқанда, ұзақ уақытқа созылған тартыс желісін қамту, көпшілік көріністеріне ерекше мән беру, астарлы ой, символика, шарттылық, фантастикалық және эпикалық элементтерді қолдану сияқты көркемдік тәсілдер алғаш рет кеңінен пайдаланылды.

Ал қазақ комедиясының алғашқы үлгілерінің негізі халық арасында ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырған аңыздар мен күлкілі әңгімелерге, тұрмыстық оқиғаларға сүйенеді. Жұмат Шаниннің көлемі жағынан «Торсықбай», «Айдарбек» сияқты комедияларының сюжеті халық аузындағы нұсқадан айтарлықтай өзгеріске түспеген. Дегенмен драматург фольклорлық материалды сахна талабына бейімдеп, диалогтар құрып, кейіпкерлер мінезін даралап, тартысты күшейту арқылы аңыз желісінен жаңа көркем шығарма жасай алған.

Жұмат Шанин «Қара құлып», «Жанды сурет» пьесалары авторлық қиялға негізделген туындылар қатарына жатады. Ал қазақ драматургиясындағы алғашқы сатиралық комедиялардың бірі саналатын «Үш бажа» шығармасы эпостық дәстүрдің ықпалынан толық арылмаған кезеңнің жемісі. Оның сюжеті, оқиғалық жағдайлары мен көркемдік құралдары негізінен фольклорлық материалдарға сүйеніп жасалған. Мұхтар Әуезов «Айман-Шолпан» пьесасының соңғы нұсқасында халықтық сюжетке сүйене отырып, реалистік комедия жасаудың шығармашылық үлгісін көрсетті.

Сонымен бірге қазақ драматургиясында комедия жанры да қарқынды дамыды. Жүсіпбек Аймауытов пен Бейімбет Майлиннің комедиялық шығармалары қазақ ауылындағы ескіліктің қалдықтарын, надандықты және қоғамдағы түрлі келеңсіз құбылыстарды сатира арқылы әшкерелейді. Бейімбет Майлиннің «Неке қияр», «Көзілдірік», «Шаншар молда», «Ауыл мектебі», «Қос қақпан» пьесалары мен Жүсіпбек Аймауытовтың «Сылаң қыз» комедиясы 1920-1930 жылдары сахнада жиі қойылып, көрермендер арасында кең танымал болды.

Бұл комедияларда кейіпкерлердің есімдері мен сөйлеу мәнері олардың әлеуметтік ортасын дәл көрсетеді. Диалогтардағы тілдік ерекшеліктер, мінездердің даралануы және күлкі тудыратын жағдайлар шығармалардың көркемдік деңгейін арттырады. Мұндай реалистік комедиялар кейінгі қазақ драматургиясының дамуына үлкен ықпал етті.

XX ғасырдың басында ұлттық драма жанрының қалыптасуына қоғам қайраткерлері мен жазушылар атсалысты. Олардың қатарында Смағұл Садуақасов, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанбек Қожанов, Ахмет Байтұрсынов, Бекмұхамед Серкебаев, Мұхтар Әуезов, Дінше Әділов, Міржақып Дулатов, Қошқе Кемеңгеров, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов сияқты тұлғалар бар.

Көшпелі және жартылай отырықшы өмір салтын ұстанған қазақ халқының мәдени дамуы ауыз әдебиетінің мол әрі бай болуына негіз болды. Сондықтан драма жанрының

кейбір элементтерін осы фольклорлық мұрадан табуға болады. Айтыс, жар-жар сияқты халық шығармаларында драмалық сипаттағы көріністер жиі кездеседі.

XX-шы ғасырдың басында түрлі өңірлерде жазылған қолжазба пьесалар пайда болып, олар сауыққой жастардың күшімен ойын-сауық кештерінде қойылып отырды. Бұл шығармалар сол дәуірдің қоғамдық жағдайын, өзекті мәселелерін көркем түрде бейнеледі. Бұл кезең қазақ халқы үшін білім мен мәдениетке бет бұрған маңызды уақыт еді. Мектептер мен медреселерде діни пәндермен қатар математика, география, тарих, ана тілі және шетел тілдері де оқытылды. Петербор, Қазан, Уфа, Орынбор, Омбы, Семей қалаларындағы баспаханалардан қазақ тілінде кітаптар шықты. Ал қазақ мемлекеттік ұлттық театрының ресми ашылуы 1926 жылдың 13 қаңтарында Қызылорда қаласында Қошке Кемеңгеровтің «Алтын сақина» пьесасымен жүзеге асты. Бұл оқиға қазақ кәсіби театрының тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі болып саналады.

Жалпы алғанда, тартыс пен мінез – драматургия жанрының негізгі өзегі. Драмалық шығармадағы тартыс кейіпкерлердің қарама-қарсы мақсаттары мен олардың ішкі және сыртқы әрекеттерінің қақтығысы арқылы көрінеді. Егер бұл элементтер әлсіз болса, шығарманың көркемдік деңгейі де төмендейді. Сондықтан драматургияда тартыс пен мінездің үйлесімді берілуі ерекше маңызға ие.

Әлемдегі кез-келген халықтың рухани-мәдени-әдеби мұрасы жеке дара дамымайтыны ақиқат. Оның дәлелін әдеби байланыс ұғымдарының жалғастығы ретінде, европа және түркі халықтарының көркем шығармалары аралығындағы ұқсастықтан, сабақтастықтан байқаймыз. Мысалы, IX-XII ғасырларда түркі поэзиясының көрнекті өкілдері әл-Фараби, Ахмет Иассауи, Ахмет Игүнеки, Жүсіп Баласағұни, Фирдауси, Хафиз, Сағди, тағы басқалар әлемдік деңгейде биік шыңға көтерілді, өзінің бай дәстүрін басқа да халықтарға танытып қалыптастырды.

Ал X-XIII ғасырларда еуропа халықтарында әдебиеттің нақты жанрлары дамыды. Батыс мәдениетінің басты айырмашылығы мен жетістігі де осында. Әсіресе, серілік (рыцарлық) поэзиясы, роман және драма жанры, діни-клерикалы әдебиеті, фаблио, шванк жанрлары жоғары деңгейде болды. Францияда, германияда, польшада т.б. елдерде орта ғасырлардың қалалық әдебиеті қалыптасты, оның көркемдігі, эстетикалық талаптары бойынша серілік әдебиеттен басқаша бағытта дамыды. Мысалы, орта ғасырлық немістің «Нибилунг» батырлық эпосы мен орта ғасырлық түркі халықтарына ортақ «Қобыланды», «Алпамыс батыр» дастандары арасында байланыс барын байқаймыз. Біріншіден, кейіпкерлерінің мінез, күш-қайрат ұқсастығы, екіншіден, батырлардың мінсіз жеңілмейтін етіп суреттелуі және қалыңдықтарының өз ғашықтарының алдына қойған сынау-шарттары да ұқсайды. Әрине, сүйген қалыңдықтарының қойған сыни шарттарында және оның орындалуында, табиғи көзқарастарында өзіндік ұлттық құндылық, менталитеттері бар, дегенмен, ұқсастықтар мол.

Еуропадағы серілік дәстүрдің жалғастығы, нақты көрінісі түркі халықтарының XX ғасырдың 1960-90 жылдар әдебиетінде, драматургия жанрында Қалтай Мұхамеджановтың «Бөлтірік бөрік астында» және Сәкен Жүнісовтің «Қызым, саған айтамын ...» атты комедияларында да көрініс береді. Аталған қазақтың комедиялық туындылары отандық және әлем халықтарының театрларында бірнеше рет сахналанды. «Бөлтірік бөрік астында» пьесасында студент жастар өмірі, үйленген жігіттің бойдақпын деп «уақытша шалқуы» суреттеледі. Ал, «Қызым, саған айтамын ...» комедиясында ауыл мен қала адамдарының табиғи қалпы, менталитеті, коммунистік партия басшылары «бас мамандар» қолдарындағы билікті жеке бастарына, өз құлқындарына шектеусіз пайдалану, отбасы ортасына түсетін опасыздар, жеңіл жүрісті қалайтын «серілер» шығарма соңында опық жеуі тартысты сахналанады.

Аталған оқиғалардың барлығы қай заманда болсын тұрмыста кездесетін өмірлік жағдай. Шығарма соңында серіліктің XX ғасырдағы сергелдеңінің азабын тартады. Себебі орта ғасырда серіліктің табиғаты ғасырына, уақытына сай дәстүрлі қалыпта болса, ал XX ғасырда «серіліктің» өзіндік азабы мен машақаты барын комедия авторлары заманына сәйкес шебер сомдап, терең философиямен өзіндік адами, ұлттық құндылықтың бет-пердесін ашады.

Еуропа әдебиетінде орта ғасырларда қалалық әдебиеттің ең көп тараған түрі – фаблиолар болды десек, онда осы кезеңде заман ағымына сәйкес шіркеу мен дін иелерін әжуалаған, қала байының аярлығы, шала діндарлардың екіжүзділігі, серілердің надандығы әшкереленеді.

Фаблио түріндегі хикаялар түркі халықтары әдебиетінде де молынан ұшырасады. Қазақ халық ауыз әдебиетінің негізгі жанры саналатын ертегілер шыншыл мазмұнымен ерекшеленеді. Патшалардың зұлымдығы, дүмше молдасымақтардың сауаттсыздығы, байлардың әділетсіздігі, шаруа адамдарының адалдығы, жомарттығы, еңбекқорлығы дәріптеледі. Мысалы: Мольердің фарс түріндегі комедияларында фаблионың сюжетін байқаймыз. Неміс әдебиетінде фаблионың әсері негізінде – шванк дүниеге келді. Мысалы, әйгілі сөз зергері Штриккердің «Поп Амис» туралы күлкілі хикаялар сериясы. Хикаяда алғыр да айлакер поптың басынан кешкен сан қилы оқиғалары баяндалады.

Қазақ драматургы Бейімбет Майлин «Шаншар молда», «Ауыл мектебі» атты комедияларында XX ғасыр басында қазақ ауылдарындағы елдің жаппай «сауаттылықты жою» кезіндегі мұғалім алдына әйелдерін бергісі келмейтін қазақы менталитетті ауылдың аңқау еркектерінің комедиялы қылықтары, бозбала мен бойжеткендер арасындағы күлкілі эпизодтардан, іс-әрекеттерден сахналық туынды тудыра білді. Бір ескерерлік Б.Майлинге дейін қазақ драматургиясы тарихында үлгі аларлық кәсіби сахналық өнердің толық болмағанына қарамай классикалық дүниелерді мұраға қалдырды.

Түркі тектес туыс халықтардың бірі – қарашай-балқарлардың фольклорлық, драматургиялық, театрландырылған ойындарындағы элементтер көріністері ежелгі уақыттардан бастап пайда болған. Еңбек және мейрам кезіндегі дәстүрлер, ертегілер мен оқиғалар, ән-бимен айналысқан хандық жүйені құлатқаннан кейін өздерінің мәдениетін, тілін дамытқан. Ол туралы: «В аналогичном положении находились многие народности, проживающие на территории Северного Кавказа. До революции они даже не знали, что означает слово «театр», «актер», «режиссер», «пьеса», «спектакль». Функции театра (если можно так выразится) выполняли здесь «таурухчу» (сказочники), «джырчи» (песенники), всевозможные обряды и народные зрелища, которыми сопровождалось религиозные или трудовые празднества» [11, 4], – деп жазады қарашай-балқар драматургиясын арнайы зерттеушісі А.Сарбашева.

Солтүстік Кавказ аймағында драматургия жанрының пайда болуы XX-шы ғасырдың басына, нақтырақ айтқанда 1910 жылдарға сәйкес келеді. Бұл құбылыс елдің қоғамдық-саяси өміріндегі революциялық өзгерістермен тығыз байланыста болды. Драматургтер сол кезеңнің тарихи жағдайларын, қоғамдағы қайшылықтарды пьесалар арқылы бейнелеп, кейіпкерлердің көркем бейнесін жасауға ұмтылды. Осы уақытта Солтүстік Кавказдағы театр мен драматургияның дамуына әзербайжан, орыс және әлем классикалық әдебиетінің ықпалы зор болды. Әлемдік мәдениеттің көркемдік және идеялық мұрасын аудармалар арқылы игеру драмалық жанрлардың кеңеюіне, сондай-ақ авторлардың шығармашылық мүмкіндіктерінің артуына ықпал етті. Бұл жөнінде дағыстандық құмық ғалымы, профессор М. Гусейнов: «Әлемдік мәдениеттің идеялық-көркемдік мұрасын аударма арқылы меңгеру драманың жанрлық түрлерінің кеңеюіне және авторлардың шығармашылық әлеуетінің артуына ықпал етті [12, 142]», – деп атап көрсетеді.

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері М. Әуезов, Б. Майлин, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ж. Аймауытов және басқа қаламгерлердің шығармалары инсценировка арқылы республика театрларының сахналарында кеңінен қойылды. Алайда прозалық туындыны драмалық шығармаға айналдыру оңай процесс емес екендігі белгілі. Өйткені прозадағы авторлық баяндау еркіндігі, кейіпкерлерді кең сипаттау сияқты элементтерді сахналық талаптарға сәйкес ықшамдамай, толыққанды драмалық туынды жасау мүмкін емес. Эпикалық шығарманы драмаға бейімдеу барысында, яғни инсценировкаланған нұсқада ең алдымен драмалық тартыс, сахналық жағдай, кейіпкер мінезі мен драма тілі айқын көрініс табуы қажет. Бұл – драматургия жанрының негізгі талаптарының бірі.

## ҚОРЫТЫНДЫ

XX ғасырдың 20-30 жылдары қазақ драматургиясының негізі қаланып, алғашқы драмалық шығармалар жарық көрді. Пьесалар алуан түрлі қоғамдық жүк, келелі, өзекті мәселелерді шешуге талпынды. Театр өнері синтетикалық өнер болып табылады. Әртістердің тамаша ойыны жақсы драмалық туындының өміршең бейнесін сомдап, театр репертуарынан орын алары сөзсіз. Репециент сөз қуатын, оның орасан күшті әсерін, эмоциялық-экспрессивті байытылуынан ерекше толғаныс, ләззат алады. Өнерлі әртістер ойынынан, қимыл пластикасынан, ән-әуез үйлесімділігінен қуат алады. Сонымен бірге пьесаның декорациялық толығыуы, жарық пен көлеңкенің құбылуы пьесаға бөлек әсемдік, өзіндік қолтаңба береді. Өнер деген – құдіретті ұғым. Өзіне тәнті етіп, бойынды билейді. Осынау алапат күшті өнер туындыларын, яғни театрға арналған пьесп қойылымдарын жаза білу, кейіпкер бейнесін сомдау, оны сансыз түрлі қырынан суреттей білу аса үлкен жазушылық талғампаздықты, сезімталдықты қажер етеді. Жазушы осы биіктерден көріну үшін үнемі шығармашылық ізденісте болуы керек. Театр өркендеуінің сара жолын салушылар М.Әуезов, Б.Майлин, Қ.Кемеңгерұлы, К.Төгісұлының еңбектерінің салмағы қомақты. С.Садуақасұлының еңбегі де айтарлықтай. Пьесалар өзекті тақырыптарды көтере алды. Қоғам санасын оятудың бір пәрменді құралы бола білді. Сол кезең қоғамының талаптарынан шықты. Алғашқы пьесалардың пайда болуы театр сынының дамуына жол ашты. Оған М.Дулатұлы мен К.Төгісұлының «Надандық құрбанына» айтқан сыны дәлел.

Қазақ ұлттық театрын құру мәселесінің көтерілуі халық арасында «Дала театры» деп аталуға лайық өнер түрлерінің кеңінен дамып, кемеліне жеткен кезеңімен тұспа-тұс келуі заңды құбылыс. Сол өнер үлгілерінің ішінде драматургия мен театрға табиғаты жағынан барынша жақын элементтер жаңа сахналық өнердің қалыптасуында ерекше рөл атқарды. «Қазақ даласының әр аймағында алғашқы әуесқой спектакльдер мен драмалық туындылардың пайда болуы халық шығармашылығының қуатты көркемдік мүмкіндігін айғақтайды. Мұның айқын мысалы ретінде Жүсіпбек Аймауытовтың қызметін атауға болады. Ол Семейде білім алып жүрген кезінде жастар ұйымдастырған ойын-сауық кештеріне белсене қатысып, домбыра тартып, ән айтып, спектакльдер қоюға атсалысқан. Сонымен қатар өзі де басты кейіпкерлерді сомдап, өнерін көпшілікке танытқан. 1917 жылдың желтоқсанында Семейде оқып жүрген жастардың әдеби кеші өткізіліп, сол кеште Ж. Аймауытовтың «Ескі тәртіппен бала оқыту» және «Рәбиға» атты бір перделі пьесалары сахналанды. Осы кезеңнен бастап Жүсіпбек Аймауытов жазушы, драматург, режиссер әрі актер ретінде танылып, көзге түсе бастады» [13, 219], – деп тұжырым жасайды авторлар ұжымы.

Драма жанрын арнайы зерттеуші Ә. Шапауов: «Тартыс пен мінез – драматургияның басты өзегін құрайтын негізгі элементтер. Драмалық шығармадағы конфликт қарама-қарсы мақсаттағы кейіпкерлердің ішкі және сыртқы әрекеттерімен тығыз сабақтасып жатады. Қандай да бір драмалық туындыда тартыс пен мінездің қызметі әлсіресе, шығарманың көркемдік деңгейі де төмендейді. Кейіпкер мінезін ашу тәсілдері әр қаламгерге әрқилы болып келеді. Драмадағы жағдай ұғымы да кең мағынаға ие: кейіпкерлер өмір сүріп отырған қоғам ахуалы, ортаның сипаты, уақыт тынысы, олардың іс-әрекеттері – барлығы осы жағдаймен тығыз байланыста дамиды», – деп тұжырымдайды [10, 73].

Жалпы алғанда, драматургия кез келген қаламгер еркін игере беретін оңай жанр емес. Сондықтан драмалық шығармаларда тақырыптың өзектілігі, образдар жүйесі, тартыстың айқындығы, кейіпкер мінезінің даралығы, монолог пен диалогтың табиғилығы, кейіпкер тілінің ерекшелігі мен психологиялық тереңдігі, сондай-ақ драмалық жағдай тудырудағы автор шеберлігі айқын көрініс табуы басты талаптардың бірі болып саналады.

Жасанды интеллект (ЖИ) мақала жазу үдерісінде тек әдебиеттер тізімін қалыптастыру мен рәсімдеуге көмекші құрал ретінде пайдаланылды, ал негізгі мәтін толықтай авторлардың жеке еңбегінің нәтижесі болып табылады.

## ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, Ғылым комитетінің 2025-2027 жылдарға арналған ЖСН АР26194993 ғылыми жобасы негізінде жазылды.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Аристотель. Сочинения. Т. 4. – Москва: Мысль, 1983. – 830 с.
- 2 Boileau Nicolas Grove Art Online / J. Turner – Oxford, Basingstoke, New York City: OUP, 2017. doi:10.1093/GAO/9781884446054. ARTICLE.T009634
- 3 Lessing and the Drama. New York: Oxford UP, 1981.
- 4 Гегель. Эстетика: в 4 т. – Москва: Искусство, 1973. – 312 с.
- 5 Волькенштейн В. Драматургия. – Москва: 1969.– 400 с.
- 6 Әуезов М. Уақыт және қаламгер. – Алматы: Жазушы, 1962. – 215 б.
- 7 Микулешек М. Пути развития советской комедий. – Москва: 1960. – 210 с.
- 8 Нұрғали Р. Драма өнері. – Астана: Фолиант, 2001. – 478 б.
- 9 Шапауов Ә.Қ., Бегалиева Р.Н., Қабыкенов М.Ә., Туровская Е.И., Қадыралиева А.О. Солтүстік Кавказ аймағындағы түркі халықтары драматургиясының туу мен дамуы және дәстүр жалғастығы». Торайғыров университетінің хабаршысы. Филологиялық серия. - №3 (2025). - 468-479 бб. DOI <https://doi.org/10.48081/LTRV5838>
- 10 Shapauov A. Stylistic and artistic peculiarities of dramatic works by Turkic nations of Central Asia and Caucasian region (based on materials of Kazakh and Azerbaijani an plays). [Text] //Life Science Journal, 2013; 10(11s). Scopus. <http://www.lifesciencesite.com>. 39
- 11 Сарбашева А. Балкарская драматургия: этнофольклорная традиция, эволюция жанра. – Нальчик: Издательство КБИГИ, 2009. – 240 с.
- 12 Гусейнов М. Национальная литература кумыков (поэзия, драматургия, критика). [Текст] – Махачкала: ИЯЛИ ДНЦ РАН, 2009. – 318 с.
- 13 Aman Gumarov, Anar Yerkebay, Mukan Amankeldi, Nartay Yeskendirov, Bissenbayeva Zhanat. Modern Interpretation of Turkic Epics on The Kazakh Stage. [Electronic resource] // Kurdish Studies Apr 2023 Volume: 11, No: 2, pp. 5994-6004 ISSN: 2051-4883 (Print) | ISSN 2051-4891 Scopus (Online) [www.KurdishStudies.net](http://www.KurdishStudies.net).file:///C:/Users/%D0%9D%D0%B0%D1%80%D1%82%D0%B0%D0%B9/Desktop/%D0%92%D0%90%D0%9A,%20%D0%A1%D0%9A%D0%9E%D0%9F%D0%A3%D0%A1%20%D0%BC%D0%B0%D2%9B%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D1%80%D0%B4%D1%8B%D2%A3%20%D0%A1%D0%A1%D1%8B%D0%BB%D0%BA%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D1%80%D1%8B/2-Aman+research+88%20(1).pdf
- 14 Ahmadova G., Elza F. Театр әлеуметтік өзгерістердің көрінісі ретінде: драмалық өнердің мәдени ауысулар мен тарихи трансформацияларды бейнелеуі // Acta Globalis Humanitatis et Linguarum. – 2025. – Т. 2. № 1. – Б. 254–261.
- 15 Farzaliyeva E., Seyidov T. Ұлттық идеологияны қалыптастырудағы театрдың рөлі // EuroGlobal Journal of Linguistics and Language Education. – 2025. – Т. 2. № 3. – Б. 64–73.

Материал 29.12.2025 баспаға түсті

### Проблемы традиции в драме

А.К. Шапауов<sup>1</sup>, Ж.Т. Кадыров<sup>2</sup>, Б.Б. Жахина<sup>3</sup>, А.Ш. Тлеулесова<sup>4</sup>

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, 010000, Казахстан

<sup>2</sup>Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева, Петропавловск, 150000, Казахстан

<sup>3</sup>Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова, Кокшетау, 020000, Казахстан

<sup>4</sup>Казахский агротехнический исследовательский университет им. С. Сейфуллина, Астана, 010000, Казахстан

*В статье предпринимается попытка рассмотреть преемственность традиций и жанрово-эстетическое развитие драматургии тюркских народов в контексте литературного процесса. Определяются основные элементы, формирующие жанр драматургии: сюжет, композиция, тема, поэтика, художественная функция диалога и монолога, а также анализируется социально-историческое и философское значение трагического конфликта. Показаны причины классификации трагедии на эпические, исторические и нравственно-бытовые виды, обоснована их связь с национальным мировоззрением и фольклорной традицией.*

*Среди жанров драматургии особое внимание уделяется художественно-эстетической природе трагедии, раскрывается социально-исторический, философский характер трагического противостояния. Конфликт в трагедии рассматривается как система непримиримых противоречий между личностью и обществом, категории трагической ошибки, заблуждения, судьбы и исторической необходимости дифференцируются на основе теоретических работ. Также проанализированы особенности формирования жанров драмы и комедии, их специфические черты в контексте драматического действия, поведения, Языково-стилевой системы, показаны закономерности взаимодействия и трансформации между жанрами.*

*Научно обосновано, что период становления казахской драматургии начала XX века, социальные противоречия, отражение проблем национального сознания в сценических произведениях. Результаты исследования позволяют определить связь казахской драматургии с общим драматическим искусством тюркских народов, роль художественных кружков и народных сценических традиций в становлении национального театрального искусства.*

*Ключевые слова: драматургия тюркских народов, казахская драматургия, трагическое противостояние, драматический характер, сценическое искусство, национальный театр.*

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Аристотель. Сочинения: в 4 т. Т. 4. – М.: Мысль, 1983. – 830 с.
- 2 Буало Н. Поэтическое искусство. – М.–Л.: Гослитиздат, 1957. – 232 с.
- 3 Лессинг Г. Э. Гамбургская драматургия. – М.–Л.: Гослитиздат, 1936. – 200 с.
- 4 Гегель Г. Эстетика: в 4 т. – М.: Искусство, 1973. – 312 с.
- 5 Волькенштейн В. М. Драматургия. – М.: 1969. – 400 с.
- 6 Ауэзов М. О. Время и писатель. – Алма-Ата: Жазушы, 1962. – 215 с.
- 7 Микулашек М. Пути развития советской комедии. – М.: 1960. – 210 с.
- 8 Нургали Р. Искусство драмы. – Астана: Фолиант, 2001. – 478 с.
- 9 Шапауов Ә.Қ., Бегалиева Р.Н., Қабыкен М.Ә., Туровская Е.И., Қадыралиева А.О. Возникновение и развитие драматургии тюркских народов Северо-Кавказского региона и преемственность традиций // Вестник Торайгыров университета. Филологическая серия. – 2025. – №3. – С. 468–479. DOI <https://doi.org/10.48081/LTRV5838>
- 10 Shapauov A. Stylistic and artistic peculiarities of dramatic works by Turkic nations of Central Asia and Caucasian region (based on materials of Kazakh and Azerbaijani an plays). [Text] //Life Science Journal, 2013; 10(11s). Scopus. <http://www.lifesciencesite.com>. 39
- 11 Сарбашева А. Балкарская драматургия: этнофольклорная традиция и эволюция жанра. – Нальчик: Изд-во КБИГИ, 2009. – 240 с.
- 12 Гусейнов М. Национальная литература кумыков (поэзия, драматургия, критика). – Махачкала: ИЯЛИ ДНЦ РАН, 2009. – 318 с.
- 13 Aman Gumarov, Anar Yerkebay, Mukan Amankeldi, Nartay Yeskendirov, Bissenbayeva Zhanat. Modern Interpretation of Turkic Epics on The Kazakh Stage. [Electronic resource] // Kurdish Studies Apr 2023 Volume: 11, No: 2, pp. 5994-6004 ISSN: 2051-4883 (Print) | ISSN 2051-4891 Scopus (Online)

www.KurdishStudies.net.file:///C:/Users/%D0%9D%D0%B0%D1%80%D1%82%D0%B0%D0%B9/Desktop/%D0%92%D0%90%D0%9A,%20%D0%A1%D0%9A%D0%9E%D0%9F%D0%A3%D0%A1%20%D0%BC%D0%B0%D2%9B%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D1%80%D0%B4%D1%8B%D2%A3%20%D0%A1%D0%A1%D1%8B%D0%BB%D0%BA%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D1%80%D1%8B/2-Aman+research+88%20(1).pdf

14 Ahmadova G., Elza F. Театр как отражение социальных изменений: как драматическое искусство фиксирует культурные сдвиги и исторические трансформации // Acta Globalis Humanitatis et Linguarum. – 2025. – Т. 2. № 1. – С. 254–261.

15 Farzaliyeva E., Seyidov T. Роль театра в формировании национальной идеологии // EuroGlobal Journal of Linguistics and Language Education. – 2025. – Т. 2. № 3. – С. 64–73.

Материал поступил в редакцию журнала 29.12.2025

### Problems of tradition in Drama

A. Shapauov<sup>1</sup>, Zh. Kadyrov<sup>2</sup>, B. Zhakhina<sup>3</sup>, A. Tleulesova<sup>4</sup>

<sup>1</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010000, Kazakhstan

<sup>2</sup>M. Kozybayev North Kazakhstan University, Petropavlovsk, 150000, Kazakhstan

<sup>3</sup>Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, 020000, Kazakhstan

<sup>4</sup>S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, Astana, 010000, Kazakhstan

*The article attempts to examine the continuity of traditions and the genre-aesthetic development of Turkic dramaturgy within the framework of the literary process. The main elements that shape the genre of dramaturgy—plot, composition, theme, poetics, and the artistic functions of dialogue and monologue—are identified, and the socio-historical and philosophical significance of tragic conflict is analyzed. The reasons for classifying tragedy into epic, historical, and moral-domestic types are demonstrated, and their connection with national worldview and folkloric traditions is substantiated.*

*Among the genres of drama, special attention is paid to the artistic and aesthetic nature of tragedy, revealing the socio-historical, philosophical nature of the tragic confrontation. Conflict in tragedy is considered as a system of irreconcilable contradictions between an individual and society, the categories of tragic error, delusion, fate and historical necessity are differentiated on the basis of theoretical works. The features of the formation of drama and comedy genres, their specific features in the context of dramatic action, behavior, linguistic and stylistic system are also analyzed, patterns of interaction and transformation between genres are shown.*

*It is scientifically proved that the period of formation of Kazakh drama at the beginning of the twentieth century, social contradictions, reflection of the problems of national consciousness in stage works. The results of the study allow us to determine the connection of Kazakh drama with the general dramatic art of the Turkic peoples, the role of art circles and folk stage traditions in the formation of national theatrical art.*

*Key words: drama of the Turkic peoples, Kazakh drama, tragic confrontation, dramatic character, scenic art, national theater.*

### REFERENCES

- 1 Aristotle. Sochineniya [Collected works], Vol. 4. Moscow, Mysl' Publ., 1983. – 80 p. [in Russian].
- 2 Boileau, N. Poeticheskoe iskusstvo [The Art of Poetry] Moscow–Leningrad, Goslitizdat Publ., 1957. – 232 p. [in Russian].
- 3 Lessing, G. E. Gamburgskaya dramaturgiya [Hamburg Dramaturgy] Moscow–Leningrad, Goslitizdat Publ., 1936. – 200 p. [in Russian].
- 4 Hegel G. Estetika [Aesthetics] in 4 vols. Moscow, Iskusstvo Publ., 1973. – 312 p. [in Russian].
- 5 Vol'kenshtein, V. M. Dramaturgiya [Dramaturgy] Moscow, 1969. – 400 p. [in Russian].

- 6 Auezov, M. O. *Vremya i pisatel'* [Time and the Writer]. Almaty: Zhasushy Publ., 1962. 215 p. [in Russian].
- 7 Mikulashek, M. *Puti razvitiya sovetskoy komedii* [Paths of Development of Soviet Comedy]. Moscow, 1960. 210 p. [in Russian].
- 8 Nurgali, R. *Iskusstvo dramy* [Art of Drama]. Astana: Foliant Publ., 2001. 478 p. [in Russian].
- 9 Shapauov A.K., Begaliev R.N., Kabiken M.A., Turovskaya E.I., Kadyralieva A.O. *Vozniknovenie i razvitie dramaturgii tyurkskikh narodov Severo-Kavkazskogo regiona i preemstvennost' traditsii* [The emergence and development of dramaturgy of the Turkic peoples of the North Caucasus region and continuity of traditions], *Vestnik Toraygyrov universiteta. Filologicheskaya seriya* [Bulletin of Toraygyrov University. Philological series], 3, 468–479 (2025). [in Russian] DOI <https://doi.org/10.48081/LTRV5838>
- 10 Shapauov A. *Stylistic and Artistic Peculiarities of Dramatic Works by Turkic Nations of Central Asia and the Caucasus (based on materials of Kazakh and Azerbaijani plays)*. [Text] // *Life Science Journal*, 2013; 10(11s). Scopus. <http://www.lifesciencesite.com>. 39
- 11 Sarbashova, A. *Balkarskaya dramaturgiya: etnofol'klornaya traditsiya, evolyutsiya zhanra* [Balkar Dramaturgy: Ethnofolklore Tradition, Evolution of the Genre]. Nalchik: KBIIGI Publishing House, 2009. 240 p. [in Russian].
- 12 Guseynov, M. *Kumykskaya natsional'naya literatura (poeziya, drama, kritika)* [Kumyk National Literature (Poetry, Drama, Criticism)]. Makhachkala: IYALI DNC RAS Publ., 2009. 318 p. [in Russian].
- 13 Aman Gumarov, Anar Yerkebay, Mukan Amankeldi, Nartay Yeskendirov, Bissenbayeva Zhanat. *Modern Interpretation of Turkic Epics on The Kazakh Stage*. [Electronic resource] // *Kurdish Studies* Apr 2023 Volume: 11, No: 2, pp. 5994-6004 ISSN: 2051-4883 (Print) | ISSN 2051-4891 Scopus (Online)  
[www.KurdishStudies.net.file:///C:/Users/%D0%9D%D0%B0%D1%80%D1%82%D0%B0%D0%B9/Desktop/%D0%92%D0%90%D0%9A,%20%D0%A1%D0%9A%D0%9E%D0%9F%D0%A3%D0%A1%20%D0%BC%D0%B0%D2%9B%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D1%80%D0%B4%D1%8B%D2%A3%20%D0%A1%D0%A1%D1%8B%D0%BB%D0%BA%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D1%80%D1%8B/2-Aman+research+88%20\(1\).pdf](http://www.KurdishStudies.net.file:///C:/Users/%D0%9D%D0%B0%D1%80%D1%82%D0%B0%D0%B9/Desktop/%D0%92%D0%90%D0%9A,%20%D0%A1%D0%9A%D0%9E%D0%9F%D0%A3%D0%A1%20%D0%BC%D0%B0%D2%9B%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D1%80%D0%B4%D1%8B%D2%A3%20%D0%A1%D0%A1%D1%8B%D0%BB%D0%BA%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D1%80%D1%8B/2-Aman+research+88%20(1).pdf)
- 14 Ahmadova G., Elza F. *Theatre as a reflection of social change: how dramatic arts capture cultural shifts and historical transformations*, *Acta Globalis Humanitatis et Linguarum*, Vol. 2, No. 1, pp. 254–261 (2025).
- 15 Farzaliyeva E., Seyidov T. *The role of theatre in the formation of national ideology*, *EuroGlobal Journal of Linguistics and Language Education*, Vol. 2, No. 3, pp. 64–73 (2025).

Received: 29.12.2025